

**Оқушылардың асханадағы техника қауіпсіздігі және
тәртіп ережелерін сақтау туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

Барлық оқушылар осы құсқаулықты ас ішу уақытында сақтау қажет.

I. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары

1. Асханадағы тәртіпті сақтай отырып асықпай, сабырлықпен кіріп және шыққан жөн.
2. Асханаға сөмке немесе портфель апармаған жөн.
3. Асхананың ішкі бөлмелеріне кіруге болмайды.
4. Ыдыстар мен жиһазға ұқыптылықпен қараған дұрыс. Оларды сындыруға болмайды.
5. Электрожарығын өздігінен қосуға және сөндіруге тыйым салынады.
6. Терезені және терезенің желдеткішін өздігінен ашып-жабуға тыйым салынады.

Асханадағы жарақат алу қауіпсіздігі:

- Электрожарығын қосып және сөндірген кезде (тоқ соғу қауіпі бар);
- Ыстық тағам, шәй құйылған ыдысты тасу кезде (күйіп қалу қауіпі бар);
- Шыны ыдыс сынған жағдайда (жарақаттану қауіпі бар);

II. Ас ішу алдындағы қауіпсіздік талаптары

1. Ас ішу алдында қолды сабындап жуу.
2. Асханаға кірген кезде тәртіп ережесін және ас ішу уақытының кестесін сақтау.
3. Үстел басында өз орнына отыр.

III. Ас ішу кезінде қауіпсіздік талаптары

4. Үстел басында тәртіп ережелерін сақта.
5. Жолдастарыңның ас ішуіне бөгет жасама.
6. Ас ішкен кезде сөйлеспе, көршілеріңді итерме.
7. Ыстық тағамды асықпай, мұқият іш.

IV. Қауіпті жағдайдағы қауіпсіздік талаптары

Қауіпті жағдай туылған жағдайда (өрт, өткір иіс шығу) сынып жетекшілердің немесе аспазшылардың бұйрығымен асхананы босатқан жөн.

V. Ас ішкеннен кейінгі қауіпсіздік талаптары

1. Асханадан сабырлықпен, бір-бірін итермей, тәртіп сақтап шыққан жөн.
2. Асханадан тамақ шығарма.